

ЛОГОПЕДТІН КЕҢЕСІ

Бала саусағын ойната отырып, тілін дамытайық.



Саусақ ойныны арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасты артады ал тіл кемістігі кездесетін балалардың жалпы қимылдары, соның ішінде саусақ бұшық етінің қимылдары жеткілікті деңгейде дамымайды.

Сөйлеу тілі мушелері әрекетінің қозғауларының дамуы қол саусақтарының нәзік қимылдарының дамуымен тығыз байланыста болғандықтан, бала қолының ептілігін толық жетілдіру, түзету- тәрбие жұмысын жүйелі жүргізуі қалайды.

Саусақ ойнының үй жағдайында әсерлі, көнілді түрде ұйымдастыруға болды.

Алдымен балаларға саусақ ойнын түсіндіріледі, әр қимылды көрсетіледі.

Балалар осындай саусақ ойнының ойнай отырып, өлең шұмағын қызыға айтады.

«Саусақ ойындарын» ұсынып отырмыз



«Салат»

Сәбізді алып тазалаймыз
Үккішпен үгіп майдалаймыз
Канттан сеуіп дәмдейміз

құйып сәндейміз
Міне, дайын нәр тағам-
Дәруменге байыған



Түсіндірмесі

1. Оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ыскылайды.
2. Екі қолды жұдырыққа түйіп кеудеге ұстап, жогары- тәмен қозгайды
3. Саусақтардың ұшымен «қант себеді»
4. Қолды жұдырыққа түйген күйі (қаймақ құйған сияқты) қол білесігін жогары-тәмен қозгайды.
5. Екі қолын алдына жайып көрсетеді.
6. Алақанымен іштерін сипалап, тойған-дықтарын білдіреді.



«Доп»

Он,тогыз,
Сегіз,жеті,
Алты,бес,
Төрт,үш,
Екі,бір,
Доп ойнайық,
Кел,жүгір!
Тек білейік
Анық нақ:
Допты қашқан
Кім кумақ?

- 1.Алақандарымен шапалақтайды.
- 2.Отырган күйі аяқтарын алақандарымен қагады
- 3.Алақандарымен шапалақтайды.
- 4.Отырган күйі аяқтарын алақандарымен қагады.
- 5.Алақандарымен шапалақтайды.
- 6.Қолдың біресе ішімен,біресе сыртымен көздерін жабады.
- 7.Әр сөз ыргағымен шапалақтайды.
- 8.Әр сөз ыргағымен аяқтарын топылдатады.
- 9.Отыра қалады.



«Сәлем»

Сәлемдесем әрдайым
Үйде және көшеде
Тіпті <<сәлем>> - деймін мен
Тауыққа көрші үйдегі
Сәлемет пе,
Шуақты күн көкте!
Сәлемет пе,
Нұрлы аспан көкпенбек!
Сәлемет пе,
Самал жел желпіген!
Сәлемет пе,
Кішкентай түбіртек!
Сәлем, таң жана атқан!
Сәлем, күн арайлы!
Сәлемге еріну!
Бізде әсте болмайды.

1. Екі қолдарын айқастыра кеуделеріне қояды.
2. Екі қолдарын алға жаяды.
3. «Қанаттарын» (екі қолдарын сәл көтеріп, қайта түсіріп) қазып тұрады.
4. Бір қолдың сыртын екінші қолдың алақанына беттестіре, саусақтарды жсан-жасқа аша «күн» жасайды.
5. Екі қолды жоғары соза аспанды көрсетеді.
6. Екі қолды жоғары көтере екі жсанына кезек теңселеді.
7. Екі қолды төмен түсіре, қол бастарын бір-бірінің үстіне қойып алдына ұстайды.
8. Оň жасқа оň қолын жаяды.
9. Сол жасқа сол қолын жаяды.
10. Оň қолдың сұқ саусағын алдына тік ұстай оңга, солға кезектестіре шайқайды.
11. Бастарын шайқайды.